

А.Қ. Спанов,
ҚазГЗУ, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы
кафедрасының доценті

Қазіргі Қазақстандағы құқықтық тәртіпті жетілдіру жолдары

Құқықтық тәртіпті нығайту мәселелері құқыққа сай жүріс-тұрыс дағдысын шығару қоғамдық модификация кезеңінде өте өзекті болып отыр. Яғни, көптеген нормативті және институционалдық үлгілер бұзылғанда, мақсаттар, құндылықтар және әлеуметтік қажеттіліктер мен мүдделерді іске асырудың мүмкін құралдары өзгергенде, қоғамда құқықтық өзара әрекеттесудің жаңа ережелері орнайды.

Әлеуметтік қауыртылықта, криминогендік жай-күйдің шиеленісуінде, заңды нигилизм, нарықтық қатынастарға кіру кезіндегі қиындықтар, әртүрлі билік құрылымдары тайталасу, сыбайлас жемқорлық және басқа да ауытқушылықта, осы мәселе асқынған айрықша сипатқа ие [1, 7 б.].

Біз баршаға барынша мүмкіндіктер беретін..., әрбір адамның жеке басы мен бостандығын құрметтейтін..., құқыққорғау органдары тыныштық пен тәртіпті қамтамасыз ететін қоғам құруды аяқтауға тиіспіз.

Біз әркімнің ар ұжданы, абыройы мен беделі қадірленетін, мәртебелі мораль, этикалық негіздер мен рухани құндылықтар ірге тепкен қоғам құруға тиіспіз [2, 46 б.].

Құқықтық тәртіп пен қоғамдық тәртіпті күшейту факторлерінің ішінде жеке тұлғаның, әлеуметтік топтардың, бүткіл қоғамның құқықтық білім деңгейі, олардың құқықтық санасы, құқықтық және жалпы мәдениет деңгейі, қоғам құндылығына қатынасы, адамгершілік санасы және басқа да жағдайлар үлкен рөлге ие. Құқықтық тәртіп пен қоғамдық тәртіпті күшейту мәселелері бірге кешенді түрде шешілу керек, өйткені қоғамдық тәртіпсіз құқықтық тәртіп те болмайды, ал тұрақты, нық құқықтық тәртіпсіз қоғамдық тәртіпті орнату мүмкін емес [3, 358 б.].

Құқықтық тәртіпті нығайту, азаматтық қоғамды құру мен жетілдірудің өте қажетті шарты мен құралы болып табылады.

Құқықтық тәртіпті нығайту құқықтық талаптар мен құқықтық тәртіпті жақындастырады, сондай-ақ құқықтық нормаларды жетілдіру өз кезегінде құқықтық тәртіпті нығайту мен күшейтуге алып келеді.

Тұлғаның құқықтық мәртебесі - қазіргі таңдағы құқықтық тәртіптің орталық буыны, қоғамның ұжымдық идеалдарынан жеке тұлғаның құндылығына ақырындап қайта бағытталады. Олардың ішінде өмірге, бостандыққа, теңділікке құқықтарды айтсақ болады.

Негізінен қазіргі кезде әлеуметтік құқықтық үлгілерді, жүріс тұрыс эталондары мен оларды халықтың қабылдауын жетілдіру керек, ол құқықтық тәртіптің құрылымын оңайлатады. Құқықтық тәртіптің әрбір қатысушысына нақты құқықтық мәртебені бекіту, құқықтық қатынастарды нақтылау және айқындау үшін қажет, ал ол ақырында заңдылықты күшейтуге мақсатталған. Осы мақсатқа қазіргі кездегі дамыған мемлекеттердің құқықтық арсеналдарында бар барлық құралдар бағытталған [4, 45 б.].

Мемлекет өзінің барлық даму кезеңінде құқықтық тәртіпті қорғау, қолдау және нығайтуда қарқынды жұмыстарын жүргізді. Құқықтық тәртіп пен заңдылықты нығайту тек қана мемлекеттің ғана емес, қоғамның, барлық азаматтардың, ұйымдардың да міндеті болып табылады. Олардың барлықтары жеке жеке немесе біріге отырып құқықтық тәртіпті орнықтырып, нығайтуда орын таппас нәтижеге жеткізеді.

Қазақстандағы құқықтық тәртіпті дамыту және жетілдіру үшін, демократиялық процестерді белсендіру қажет. Яғни, бүкіл халықтың қатысуымен іске асырылатын нәтиже болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. *Короткова О.И. Правопорядок как базис социального правового государства // Российская юстиция. 2009. № 6. - С. 5-8.*

2. *Назарбаев Н. Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында: ҚР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. - Алматы, 2005. - 48 б.*

3. Морозова Л.А. Теория государства и права. Учебник. - М.: Эксмо. 2008. -480 с.

4. Портнягин Е.В. Морально-правовые факторы демократизации правопорядка в трансформирующем обществе. Дисс... канд. философских наук. Улан-Удэ. 2005. - 167 с.